



12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Пайдалану шектері





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Пайдалану шектері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Туындыны пайдалану мерзімі мен шарттарын, тараптар, әдетте келісімшартта анықтайды. Бұл тарауда, біз, аталған құқықтардың пайдаланылуын заң бақылайтын ерекше жағдайлар туралы қарастырамыз. Осы аталған сұрақтарды қарастырып бастамас бұрын, біз осы жерде талқылап отырған авторлық құқықпен қорғалған туындыны оның иесінің пайдалану және қолдану мүмкіндігіне қойылатын көптеген өзге де шектеу түрлері бар екенін атап өткен маңызды. Авторлық құқық «меншік құқығы» ретінде сипатталғанына және соған орай толыққанды доминант бола алады деп күтілетініне қарамастан, авторлық құқық шектетілулері бар құқық ретінде жұмыс істейді: ол (авторлық құқықтар иесінен өзге) барлық тараптардың туындыны пайдалануының алдын алады. Авторлық құқық, дегенмен, авторлық құқық иесіне туындының көшірмелерін жасауға және оларды сатуға деген ешқандай позитивті құқық бермейді. Сондықтан, авторлық құқықтар иесі қарастырылып отырған саладағы реттеу режимдерінің (айталық, фильмдерді көрсетуге немесе трансляцияларға қатысты) және қылмыстық құқықтың (дәрекі мінез-құлыққа немесе қоғамдық тәртіпке байланысты заңнамалар сынды) нысаны болады. Авторлық құқық иесінің туындыны пайдалану мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін тағы бір фактор кез-келген негізгі туындыларда болатын құқықтар. Мысалы, егер Француз романының ағылшын тіліндегі аудармасының авторлық құқығының иесі аудармадағы авторлық құқықты пайдаланғысы келсе, ол үшін егер аударылған Француз романында қандай да бір авторлық құқықтар болса, сол құқықтардың иесінің рұқсатын алу қажет болады. Кейбір авторлық құқықпен қорғалған туындылармен жұмыс істегенде, айталық, фильмдер немесе мультимедиа сияқты, оларға қатысты алдыңғы құқық иелерінің барлығымен хабарласып, туындыны пайдалануға рұқсаттарын алу керек. Сонымен қатар, бір ортақ иеленуші өзге ортақ иеленушінің лицензиясынсыз туындыны пайдалана алмайды.

Бірқатар юрисдикциялар, атап айтқанда, Франция, Германия, Нидерланды және Испанияның авторлық құқық заңнамасы авторлық құқықтар туралы келісімшарттардың интерпретациясына қатысты ережелерді қамтиды. Олар сонымен бірге, авторлардың қаржылық мүдделерін қорғайтын бірінші дәрежелі шарттарды орнықтырады. Біріккен Корольдікте авторларға арнайы арналған ережелер өте аз. Мұндай келісімдердің заңдық күші, әдетте, авторлық құқық туралы заңға емес, келісімшарттың құқығына тәуелді болады.

Осылайша, автор мен кәсіпкер арасында ажасалатын келісімшарт бірнеше тәсілдермен реттеле алады. Кейбір жағдайларда ақталмайтын әсерлер мен сауда-саттық шектеулері туралы жалпы келісімшарттық доктриналар тым әлсіз авторларды шектен тыс тәжірибеден қорғау үшін пайдаланылады. Өзге жағдайларда, егер олар (ұлттық немесе еуропалық заңнамалар бойынша) бәсекелестікке қарсы болса, соттар авторлық және кәсіпкерлік келісімшарттарға деген қолсұқпаушылықты бұза алады. Олар туралы қарастырып өткен соң, біз, белгілі бір келісімшарттарда заң ұйғарылған түрде талап ететін нақты шарттарды қарастырамыз.

Егер тиімсіз келісімшарт шектен тыс әсердің нәтижесі болса, онда, сот, келісімшартты жарамсыз деп тани алады. Бұның айқын мысалы ретінде, баспагердің қорқыту-үркітуіне байланысты автор баспагерге авторлық құқықтарды беретінін айтуға болады. Алайда, соттың, араласуға деген құқығы аталған шектен шыққан жағдайлар аясынан тыс жағдайларда да жүреді және «басымдыққа ие тұлға өзінің осы жағдайын пайдаланып өзіне пайда әкелетін артықшылықты алса, сол арқылы беделі мен күшіне сене отырып өзге тұлғаға зиян келтірсе» немесе кейде «жөнсіз немесе «шектен тыс» әсер етсе және содан да, осылай алынған әрбір келісім жағдайын тұлғаның еркін ықтиярын білдіреді деп әділетті түрде қарастырмайтын» кездерде де пайдаланылады. Соттар келісімшартқа деген қолсұқпаушылықты бұзу үшін, екі элемент қанағаттандырылуы керек: біріншіден, бір тарап екіншісіне әсер ете алатын жағдайда екені дәлелденуі керек; және, екіншіден, сол жағдай «айқын түрде тиімсіз транзакцияларды» жасау үшін пайдаланылғаны көрсетілуі тиіс. Егер шектен тыс әсерлер бар болған болса, келісімшарт күшін жояды және онда бекітілген авторлық құқықтар қайтадан авторға беріледі. Келісімшарт даулы болғандықтан (жарамсыз дегенге қарағанда), келісімшарт бұзылғанға дейін орын алған адал сатып алушылармен болған келісімшарттық қарым-қатынастар міндетті болып қала береді.

Шектен тыс әсер етуді негізге ала отырып, келісімшартты жарамсыз деп тану үшін, алдымен тараптар, екі жақтың бірі екіншісіне әсер ете алатын жағдайда екендігі көрсетілуі қажет, яғни «басым (доминант) әсерді» дәлелдеу міндетті. Мұндай нәрсе, барынша кең таралған жағдай - екі тарап «сенімгерлік» қарым-қатынаста, яғни бір-біріне сенім артатын кезде орын алады. Сот, тараптар арасындағы қарым-қатынасты фидуциарлы деп тапқан кезде, ол жерде басымдықпен әсер ету бар деп болжанады.

Доктринаны шектеу *Panayiotou v. Sony Music Entertainment* ісінде байқалды. Өндердің авторы және әнші Панайоту, 'George Michael' деген атпен жұмыс істеген. Ол 1988 жылы Sony компаниясымен жасаған келісімшарттың күшін жоюға ұмтылды. Келісімнің алғышарттары салыстырмалы түрде күрделі болды. 1982 жылы, Wham! тобының мүшесі ретінде Майкл Innervision деп аталатын дыбыс жазбасы



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Пайдалану шектері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

компаниясымен келісімге отырған. Басындағы бірқатар сәттіліктерге қол жеткізгеннен кейін, келісімнің жарамдылығына күмән келтіріле бастады. Одан кейінгі сот талқылаулары тоқтатылып, 1984 жылы Wham! мен Sony компаниясының арасында жаңа келісім жасалды (ол Innervision-нің лицензиаты болатын). Бұл келісім бойынша, Wham! тобы әлеуетті түрде сегіз альбом жазуға міндеттелді. 1986 жылы топ тараған кезде, Sony өзінің «топ мүшесінің кетуі туралы пунктті» қолданды, осының нәтижесінде 1984 жылы жасалған келісім бойынша Майкл жеке орындаушы ретінде компаниямен байланыста болды. Майклдің бірінші жеке альбомы (Faith) жетістікке жеткен соң, 1984 жылы жасалған келісім қайта қаралып, Sony компаниясымен жаңа келісім жасалды (1988 жылғы келісім). Ол да Майклды, егер жауапкер қаласа, сегіз альбом жазып беруге міндеттеді және 15 жыл мерзімге жасалды. Қайта жүргізілген келіссөздер аясында Майклға айтарлықтай жақсы қаржылық шарттар қарастырылды. Жауапкер компанияның корпоративті құрылымында болған өзгерістердің нәтижесінде Майклдің көңілі қалып, сондықтан 1992 жылы Sony компаниясының алдындағы міндеттемелерінен босап шығуға тырысып көрді.

Судья Паркер, Майклдің 1988 жылғы келісім күшін жоюы керек деген мәлімдемесін қабылдамай тастады. Джордж Майклдің шағымын қабылдамай тастауға негізгі себеп - бұрынғырақта беделі қараланған әрекетті қайта жаңғырту мемлекеттік қоғамдық саясатқа қарсы болды және 1984 жылғы келісім сондай келісім болды: 1984-жылғы келісімге негізделген және содан туындаған 1988-жылғы келісім де тура сол саясат аясына кірді. Алайда, судья Паркер, ары қарай түсініктеме бере отырып, егер 1988 жылғы келісім аталған саясаттың аясында қарастырылмаса, ол сауда-саттықты негізсіз шектеу болып табылар еді деді.

Авторлық құқық туралы британ заңында келісімшарттың шарттары, негізінен, ерікті келіссөздер нысаны деп қарастырылғанымен, (бір кездері құнды болған) прокат құқықтарын трансферлеуге қатысты ережеден тыс жағдай бар. «Әділ өтемақыға дағен ажырамас құқық» делінетін аталмыш құқық Франция, Германия сияқты елдерден шыққан авторларды еуропалық үйлестіру процесі арқылы Ұлыбританияда қорғайтын ережелерді трансплантациялаудағы алғашқы қадам сияқты. 1988 жылы қабылданған Авторлық құқықтар, дизайнер және Патенттер туралы заңның (CDPA 1988) 93B-бөлімі, тұлға, фильм немесе дыбыс жазбасына «қатысты» прокат құқығын дыбыс жазбасының немесе фильмнің продюсеріне берсе, ол жағдайда оның «прокат үшін әділ өтемақыға дағен құқығы сақталады» деп анықтайды. Сақталған құқықтың әлеуетті бенефициары болып әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркемөнер туындыларының авторлары және фильмнің бас режиссері табылады.

Өзіміз байқап отырғандай, бір немесе екі ережеден тыс жағдайды қалдыра отырып, ағылшын заңнамасы авторларға өз құқықтарын пайдалану үшін шаралар қабылдау еркіндігін қалдырады және авторлардың ұзақ уақытқа арналған мүдделеріне сай келмейтін шешімдерден авторларды қорғауға жиі араласа бермейді. Керісінше, ЕО мүше-елдерінің көбісінде туындыгерлер мен оны пайдаланушылардың арасындағы келісімшарттар шарттарын реттейтін ережелер бар. Бұрын, Комиссия, үйлестіруді талап ету үшін, келісімшарттық ережелердің арасындағы айырмашылықтар айтарлықтай емес деп мәлімдеп келген болатын. Жалпы алғанда, авторлық құқық, иесі қалауынша пайдалана алатын немесе пайдаланбайтын меншік құқығы ретінде қарастырылады: авторлар өзінің жеке хаттарын немесе қолжазбаларын жариялауға мәжбүрлі емес, ал баспагерлер кітаптарын «баспада» ұстауға міндетті емес.

«Жаңа өнім» талабы, сонымен қатар, Microsoft v. Commission ісі жөніндегі Бас Сотта да талқыланды. Бұл жерде, Бас Сотқа, Комиссияның 2004-жылғы, Microsoft -қа айыппұл салу шешімі мен өзінің жұмыс топтарының серверлік жүйелері туралы мүдделі тараптарға «өзара әрекеттестік туралы ақпарат» беру жөніндегі қаулыны қайта қарау ұсынылды.

Егер басым жағдайды иемденген трейдерлерге, өздерінің авторлық құқықтарын лицензиялаудан бас тартпас бұрын жақсылап ойланып алу қажеттігі болса, сонымен қатар, олар өздерінің авторлық құқықпен қорғалған бағдарламамен қамтамасыз етулерін өзге де өнімдермен бірге беру алдында да ойланулары қажет.

Авторлық құқыққа дағен лицензияға, әдетте, туындыны белгілі бір аумақта сатуға дағен айрықша құқықты кепілдендіретін шарттар кіреді. Мысалы, лицензия белгілі бір тұлғаға, кітаптың жұмсақ түптемедегі нұсқаларын Біріккен Корольдікте сатуға немесе фильмді Бельгияда көпшілік алдында көрсетуге дағен айрықша құқықты беруі мүмкін.

Егер туындының бірнеше әлеуетті нарығы бар болса, авторлық құқықтар иелері, лицензиат туындыны пайдаланатын саланы шектеуді қалауы мүмкін. Мысалы, авторлық құқықтар иесі туындының кітап клубында сатылуын оның бөлшек сауда нүктелерінде сатылуынан бөлек лицензиялағысы келуі мүмкін. Авторлық құқықтар иесі, лицензиат сататын нақты бір өнімге дағен бағаны шектеуді қалауы мүмкін. Цифрлық туындыларға дағен қолжетімділік пен оларды пайдалану, әдетте, авторлық құқыққа дағен



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Пайдалану шектері

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

лицензиялар мен келісімшарттық шектеулерге негізделеді. Бағдарламамен қамтамасыз ету, мәліметтер базасы мен электрондық формадағы журналдар жағдайында, белгілі бір тұрғылықты жерге байланысты рұқсат етілген пайдалануды шектеу әдеттегі дүниеге айналды.

Ұлыбританияның арнайы режимі 2014-жылы қабылданған Авторлық құқық және Орындаушылықтағы құқықтар Регламентациясымен (Тұлдыр туындыларды лицензиялау) орнықтырылған (Тұлдыр туындылар Регламентациясы).

Интеллектуалдық меншік Басқармасының схеманы бір жылдан соң шолып шығуының нәтижесінде, ішкі режимге қатысты 294 туындыны қамтитын 48 өтініш берілгені анықталған. Бұл туындылардың қатарына 229 қозғалмайтын бейнелер, 47 жазбаша жұмыстар, 14 дыбыс жазбасы, 2 музыкалық жазбасы, 1 сценарий және 1 қозғалатын бейне кіреді. Францияда, коммерциядан тыс туындылардың, яғни авторы белгілі бірақ оны коммерциялық тұрғыдан қолға түсіру мүмкін емес туындылардың пайдаланылғаны үшін коллекторлық қоғамдарға лицензиялық төлемдерді жинауға рұқсат беертін заң енгізілді.

Ұжымдық лицензиялау авторлық құқықтар иелеріне де, пайдаланушыларға да пайдалы болғанымен, құқықтарды басқаруға жеке-дара жауап беретін бір ғана ұйымның болуы да бірқатар мәселелер туындатуы мүмкін.

Мүшелік шарттары мен коллекторлық қоғамдарды бақылау шарттары, ең алдымен, қоғамның ережелерінің нысандары.

Қоғам мен мүшелердің арасындағы қарым-қатынастарды Ұлыбританияның сыртқы бақылауды жүзеге асыратын монополияға қарсы ұйымдары пәрменді түрде бақылайды. Алдында айтып өткеніміздей, 1998 жылы қабылданған Бәсекелестік туралы заң, бәсекелестікке тиым салатын келісімдер мен келісілген әрекеттерге («1-тарау тиым») және «басымдықты асыра пайдалануға» («2-тарау тиымы» делінетін) тиым салады.

Авторлық құқық жөніндегі трибунал, ең алдымен, лицензиялайтын органдардың қызметін тексерумен айналысады. «Лицензиялаушы ұйым» дегеніміз, негізгі мақсаттары авторлық құқықтарды лицензиялау жөніндегі келіссөздер жүргізу немесе лицензия беру болатын қоғам немесе ұйым деп анықталған. Агент, сонымен бірге, авторлық құқық иесі болса, олар да лицензиялаушы ұйым деп танылады. Бұл, мысалы, МСРС (агент ретінде қызмет атқаратын) Авторлық құқық жөніндегі Трибуналдың юрисдикциясының аясына кіреді дегенді білдіреді. Бірақ, ұйым, оның мақсаты бірден көп автордың туындыларына лицензия беру болса ғана, лицензиялаушы ұйым деп танылады.

Төлемақыларға қатысты, Еуропа Соты, егер бір қызмет үшін бір мүше-мемлекетте алынатын төлемақы мен өзге мүше-мемлекеттерде алынатын төлемақы арасында айтарлықтай айырмашылық болса, ол басымдықты асыра пайдалану ретінде қарастырылуы керек деп тапты. Дәлелдеу ауыртпалығы ауысып кетеді, сондықтан сәйкес коллекторлық қоғамға «белгілі бір мүше-мемлекеттегі сәйкесінше жағдай мен басқа мүше-мемлекеттерде қолданылатын жағдайдың арасындағы айырмашылықты объективті сілтемелер арқылы ақтау» жүктеледі.